

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Павлодар заң колледжіне қабылдау ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 379 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 28 шілдедегі № 222 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 11 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6385 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 22 ақпандағы № 106 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.02.22 № 106 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Павлодар заң колледжіне қабылдау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 379 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5284 болып енгізілді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Аталған бұйрықпен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Павлодар заң колледжіне қабылдау ережесіне :

4-тармақта «0202002» цифрлары «0202000» цифрларымен өзгертілсін;

5 - т а р м а қ т а :

үшінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

«Қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі – ҚАЖ комитеті) бұйрығымен т а ғ а й ы н д а л а д ы . » ;

төртінші сөйлем алынып тасталсын;

6 - т а р м а қ т а :

«Басқармасының» деген сөз «Департаментінің» деген сөзбен ауыстырылсын;
«Колледж бастығы» деген сөздерден кейін «ҚАЖ комитетімен келісе отырып» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта екінші абзацындағы «0202002» цифрлары «0202000» цифрларымен және «30» цифры «білім беру саласындағы өкілетті мемлекеттік

органмен тағайындалған ҰБТ пәндері бойынша сұрақтар санына сәйкес анықталады» сөздерімен ауыстырылсын;

11-тармақта «Колледж бастығының» деген сөздер «ҚАЖ комитетінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақта бірінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын: «Колледжге қабылдау Колледж бастығының бұйрығымен рәсімделетін комиссиясының ашық отырысында жүргізіледі.»;

16-тармақта «Дене дайындығы көрсеткіштері бойынша» деген сөздерден кейін «ҚАЖ комитетімен келісе отырып» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

3. Осы бұйрық оның бірінші ресми түрде жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>Ә д і л е т</i>	<i>М и н и с т р і н і ң</i>
<i>міндетін атқарушы</i>	<i>Д. Құсдәулетов</i>	